

**Жомарт Симтиков**

*Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық  
университеті, саяси ғылымдарының докторы  
(Алматы, Қазақстан)  
zhomart-67@mail.ru*

## **КӨШІ-ҚОН ПРОЦЕСТЕРІНІҢ ТІЛ ЖАҒДАЙЫНЫҢ ӨЗГЕРУІНЕ ӘСЕРІ**

**Аңдатпа.** Мақала көші-қон процестерінің салдарынан туындаған мемлекеттік тіл саясатының даму траекториясын талдауға арналған. Тәуелсіздіктің бастапқы кезеңінде Қазақстан Республикасында көші-қонның әсерінен орын алған мемлекеттік тіл саясатының даму динамикасымен қатар тіл саласындағы ауыз толтырып айтарлықтай өзгерістерге орай еліміздегі этносаралық қатынастардың жай-күйі қарастырылады. Сонымен қатар, мемлекеттік тіл саясатының өзгеруіне ықпал ететін әлеуметтік-экономикалық және әлеуметтік-мәдени факторлар айқындалады. Республика халқының этникалық құрамының ерекшеліктерін ескере отырып, еліміздегі тілдік ахуалдың дамуындағы қазақ және орыс тілдерінің қоғамдық ортадағы ұстанымдары көрсетіледі.

**Түйін сөздер:** *көші-қон саясаты, дезинтеграция, ұлттық бірлік, ұлтаралық келісім, этникалық тілдер, этносаралық қатынастар, репатриация, «қандас», сыртқы көші-қон.*

## **Жомарт Симтиков ВЛИЯНИЕ МИГРАЦИОННЫХ ПРОЦЕССОВ НА ИЗМЕНЕНИЕ ЯЗЫКОВОЙ СИТУАЦИИ**

**Аннотация.** Статья посвящена анализу траектории развития государственной языковой политики, обусловленной миграционными процессами. Рассмотрена динамика развития языковой политики, отразившаяся на влиянии миграции в первые годы независимости Казахстана, состояние межэтнических отношений в республике в связи с изменениями в языковой сфере. Определены социально-экономические и социокультурные факторы, способствующие изменению языковой политики Казахстана. С учетом особенностей этнического состава населения Казахстана положение казахского и русского языков в общественной среде находит отражение в развитии языковой ситуации в стране.

**Ключевые слова:** *миграционная политика, дезинтеграция, национальное единство, межнациональное согласие, этнические языки, межэтнические отношения, репатриация, «қандас», внешняя миграция.*

---

**Zomart Simtikov**

## **THE IMPACT OF MIGRATION PROCESSES ON CHANGES IN THE LANGUAGE SITUATION**

**Abstract.** The article is devoted to the analysis of the development trajectory of the state language policy caused by migration processes. The development dynamics of the language policy reflected in the influence of migration in the first years of independence in Kazakhstan, the state of inter-ethnic relations in the republic due to the changes in the language field are considered. Socio-economic and socio-cultural factors contributing to changes in the language policy of Kazakhstan are defined. Taking into account the peculiarities of the ethnic composition of the population of Kazakhstan, the position of the Kazakh and Russian languages in the public environment is reflected in the development of the language situation in the country.

**Key words:** *migration policy, disintegration, national unity, inter-ethnic harmony, ethnic languages, inter-ethnic relations, repatriation, "consanguineous", external migration.*

---

### **Кіріспе**

Қазіргі әлемде бір тілдің толықтай дерлік үстемдігін Жапонияда және басым тілдің болмауын Швейцария мысалынан байқауға болады. Әлемде осындай салыстырмалы түрдегі қарама-қайшы жағдайлар өте сирек кездеседі. Сонымен қатар, басқа тілге қарағанда көбінесе өз функциялары бойынша басым болатын бір тіл және көптеген азшылық тілдер бар мемлекеттер жетерлік. Бүгінгі таңда кездесетін Еуропа мен Америкадағы сондай-ақ, Азия мен Солтүстік Африканың бірнеше елдеріндегі халықтың көпшілігінің басым тілі болып табылатынын жоққа шығаруға болмайды. Бірақ, бұл этникалық топтардың ішіндегі ең көпшілігі емес (мысалы: Индонезия) тілі болуы мүмкін және әдетте ешкімге туған немесе ана тілі болмауы мүмкін (мысалы: бірқатар Африка елдерінде ағылшын немесе француз тілдері).

Мұндай тілдердің мәртебесі заңмен белгіленсе, ол мемлекеттік тіл болып табылады. Дегенмен, белгілі бір тілдің үстемдігі заңмен бекітілмеуі де әбден мүмкін. Мысалы, Ұлыбританиядағы және АҚШ-тың көптеген штаттарында ағылшын тілі сияқты бұл оның нақты жұмыс істеуіне әсер етпейді.

Аз ұлттар тілдерінің мәртебесі өте күрделі процесс және әртүрлі болып кездеседі. Әрі ол мемлекеттерде қабылданған ұлттық тіл саясатымен айқындалып отырады. Көптеген жағдайда мемлекет өзара түсіністіктің қажеттілігін қолдайтын, немесе іс жүзінде мемлекеттегі үстем тілдің рөлін ынталандыратын күш ретінде әрекет етеді. Мұндай саясат әсіресе қатал түрде XIX ғасырда және XX ғасырдың бірінші жартысындағы индустрияландыру мен нарықты дамыту кезеңінде Батыс Еуропа, АҚШ және Канадада көрініс тапты. Әлемдік тәжірибеде тілдерді дамытуың

мемлекеттік саясаттағы ерекшеліктерін ешкім жоққа шығармайды. «Экономикалық айналым қажеттіліктерінің өзі белгілі бір елдің, оның қайсысы сауда қатынастарының мүддесі үшін көпшілік үшін тиімді тіл екенін білуді анықтайды» [1]. Мұндай тілге мемлекет тарапынан қолдау көрсетіледі. Саясаттың осындай қатал түрде жүргізілуіне әртүрлі жолдармен қол жеткізуге болады. Сонымен қатар, оның жалпы даму дәрежесі деңгейіне де, демократиялық тұрғыдағы үлесіне де сәйкес келе бермейді.

### **Мәселенің зерттелу деңгейі**

Демографиялық және көші-қон процестері және осыған байланысты республика халқының этникалық құрамындағы өзгерістер туралы тәуелсіздіктің бас кезіндегі деректерді А.Н. Алексеевко, Н.В. Алексеевко, М.Х. Асылбеков, С.Е. Жүсіпов, А.Т. Забирова, В.В. Козина, Н.И. Мұстафаев, Е.Ю. Садовская, М.Б. Тәтімәв және басқалардың еңбектерінен байқауға болады [2]. Сонымен қатар, бұл еңбектерде тақырып аясындағы Қазақстандағы тілдік ахуал мен оның тәуелсіздік кезеңіндегі динамикасына арналған көлемді тарихнамалық шолу жасалған. Қазақстандық авторлар республиканың әртүрлі аймақтарындағы тілдік ахуалдың қалыптасу ерекшеліктеріне басымдық береді. Зерттеушілер О.Б. Алтынбекова, М.М. Аренов, Г.И. Исимбаева, С.Қ. Калмыков, Ж.С. Смағұлова, Е.Д. Сүлейменова, т.б. [3]. Жоғарыда аталған авторлар Қазақстанда тұратын түрлі этностар арасындағы қарым-қатынасты дамытуға тіл саясатының әсерін көрсетіп беруге тырысады.

Ал жалпы көші-қон үрдістерін түсініп-талдау барысында шетелдік ғалымдардың еңбектері, М.Тодароның (неоклассикалық экономикалық теориясы), Старк пен Э.Тейлордың (миграцияның жаңа экономикалық теориясы), М.Пиордың (қос еңбек нарығы теориясы) және А.Паллонидің (миграциялық желілер теориясы), Д. Массейдің («көші-қон тізбегі» теориясын) В.Бенингтің экономикалық көші-қон классификацияларын атап өткен жөн [4].

### **Зерттеу әдістері**

Зерттеудің әдіснамасы мен терминологиялық аппараты саясаттану, этносаясаттану және әлеуметтану саласындағы классикалық және заманауи теориялар мен концепцияларға негізделген. Көпұлтты мемлекеттердегі этникалық процестердегі тілдің дамуы олардың тарихи, саяси, этномәдени, әлеуметтік-экономикалық ерекшеліктері тұрғысынан қарастырылады.

Зерттеудің пәнаралық сипатын ескере отырып және тарихшылдық, саяси-тұтастық пен объективтілік принциптеріне сүйене отырып, бұл жұмыста жалпы ғылыми әдістер де (жүйелік, құрылымдық-функционалдық, салыстырмалы зерттеулер, жалпылау) және арнайы — салыстырмалы тарихи, саясаттанулық талдау, статистикалық талдау — пайдаланылды.

## Талқылау

Қазақстан Республикасындағы тіл саясаты әсіресе мамандар тарапынан ерекше назар аударуды қажет етеді. Қазақстанның тәуелсіз дамуы кезіндегі тіл саласындағы жағдай республикадағы этносаралық қатынастардың жай-күйіне, сондай-ақ көші-қон процестерінің сипаты мен динамикасына әсер ететін маңызды фактор болып қала береді. Қазақстан халқының этникалық құрамының ерекшеліктерін ескере отырып, еліміздегі тілдік ахуалдың дамуында еліміздің екі негізгі тілі – қазақ және орыс тілдерінің қоғамдық ортадағы ұстанымдары шешуші рөл атқарды.

Тәуелсіздіктің бастауындағы ыдырау, яғни дезинтеграция процестерінің пайда болуы мен дамуы кезеңінде этникалық ұлттық сананың өсуі жағдайында Қазақстанда орыс тілінің ұстанымдарының алғашқы әлсіреуі орын алды.

Қазақ КСР-нің 1978 жылғы Конституциясына сәйкес Кеңес Одағының барлық азаматтарына «өз ана тілін және КСРО-ның басқа халықтарының тілдерін қолдануға», өз ана тілдерінде оқуға, сот ісін жүргізуге және заң шығару қызметін орыс тілінде де, қазақ тілінде де жүргізуге тең құқықтар берілгендігі айтылған [5].

1989 жылы қабылданған «Қазақ ССР-індегі тіл туралы» заңда да қазақ тіліне «мемлекеттік» тіл мәртебесі берілсе, орыс тілі «ұлтаралық қатынас тілі» болып танылды [6]. Орыс тілінің «ұлтаралық қатынас тілі» мәртебесі 1993 жылы қабылданған Қазақстан Республикасының бірінші Конституциясында да бекітілді. Тілдердің құқықтық жағдайындағы түзетулер Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 30 тамыздағы Конституциясында көрсетілген. Қазақстан Республикасының Негізгі Заңының 7-бабында қазақ тіліне мемлекеттік тіл мәртебесі берілсе, орыс тілі «ресми тіл» болып белгіленді, яғни ол мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында қазақ тілімен бір деңгейде қолданылады дегенді білдірді [7].

Қазақстандағы тілдік жағдайдың динамикасын талдай келе тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы жаппай көші-қон кезеңінде қазақ-орыс қостілділігі ең аз дәрежеде дамыды, өйткені қазақтардың абсолютті көпшілігі орыс тілін білсе, орыстардың қазақ тілін білу деңгейі төмен деңгейде қалды.

Қазақстан аумағында мекен еткен орыстардың Ресейге, немістердің Германияға көшу сияқты репатриация процессі, яғни өз атамекенеріне қайтуы Қазақстанның тіл саясатының өзгеруіне өзіндік ықпалы болды. Орыс тілі Қазақстанның славян қауымы үшін ғана емес, сонымен бірге елде тұратын көптеген диаспоралар өкілдері үшін де негізгі коммуникация құралы болып қала берді.

Демек, қазақ қоғамының көптілді болуымен бірге қазақ қоғамы өмірінің барлық дерлік салаларында ұлтаралық қатынасты жүзеге асыруда орыс тілінің маңызы зор болды. Бұл үрдістен Қазақстанның оңтүстік облыстарының тұрғындары ғана ерекшеленді. Шымкент және Жамбыл

облыстарында ықшамдалып тұратын өзбектер мен тәжіктердің өз ұлттық тілінде қазақ, тіпті орыс тілдерінен де көбірек сөйлейтін этностарының ықпалымен ерекше әлеуметтік-мәдени құрылым қалыптасты. Тәжік, өзбектердің Қазақстанның оңтүстік облыстарына қоныс аударуына байланысты орыс тілін білмейтін Қазақстан азаматтарының саны артты. 1999 жылғы халық санағы кезінде Қазақстан аумағында тұратын тәжіктердің 35,8% және өзбектердің 59,2% ғана орыс тілінде еркін сөйлесе алды [8, 26 б.].

Осындай күрделі көші-қон жағдайы көші-қон саясаты саласында жаңа мемлекеттік стратегияны қалыптастыру қажеттігіне себепші болды. Нәтижесінде Қазақстанда отандастардың тарихи отанына оралу бағдарламасы іске қосылды. Көші-қон әлеуетін зерделеуді және қазақ диаспорасының репатриациясына көмек көрсететін – «Отандастар» қоры құрылды. Сондай-ақ, Президент Қ.К. Тоқаев көші-қон заңнамасын қайта қарау қажеттігін белгілеп «оралман» терминін «қандас» терминіне ауыстырды. Ол көші-қон туралы заңнамаларына түзетулерден көрініс тапты.

Еліміздің саяси басшылығы бұған қазақ тілін, мәдениетін, дәстүрлерін қайта өркендетіп, кеңес дәуірінен алшақтаудың мүмкіндігі ретінде қарады. Репатрианттар ішінара қазақ мемлекеттілігін заңды деп тану және этникалық бірегейлікті ілгерілетудің құралы болып табылды.

Кейіннен негізінен орыс қауымдастығы ұсынатын еуропалық халықтар үшін анағұрлым қолайлы тілдік ортаның құрылуы, этносаралық саладағы қарым-қатынастарды үйлестірудің жаңа құралдарының пайда болуы, сондай-ақ Қазақстандағы әлеуметтік-экономикалық жағдайдың тұрақталуы – бұл шаралардың барлығы бірлесе келе орыс және орыстілді халықтардың көші-қон белсенділігін айтарлықтай төмендетуге мүмкіндік жасады.

Сонымен, Қазақстандағы орыс халқының күрт азаюына қарамастан (1989 және 1999 жылдардағы халық санағы арасында 1,6 млн. адамға азайған) [8, 8 б.] . 1999 жылы Қазақстан халқының 84,75% орыс тілінде сөйледі. Тек орыс тілін ана тілі деп санайтындардың саны ғана азайды. Оның үстіне қазақтардың 75% (негізінен қала тұрғындары), эзирбайжандардың 86%, армяндардың 97,5%, белорустардың 99,4%, кәрістердің 97,7%, түріктердің 75,9%, немістердің 99,3% және т.б. орыс тілінде сөйлеген [8, 8 б.]. Сонымен қатар, мемлекеттік қазақ тілінде 1999 жылғы халық санағы бойынша орыстардың 14,9%, немістердің 15,4%, белорустар 9,9%, корейлердің 28,8%, т.б. сөйледі. Қазақтардың 84,4 пайызы өз ұлтының тілінде сөйледі. Қазақ тілін білудің ең жоғары деңгейі қырғыздарға (88,8%), өзбектерге (80%), эзирбайжандарға (63,4%), күрдтерге (61,2%) тән болды [8, 26 б.].

Сөйтіп, қазақтар кіретін түркі тілдес халықтардың өкілдері мемлекеттік тілді мейлінше жақсы меңгергенін көрсетеді.

Дегенмен, мемлекеттік тілдің беделінің өсуіне кері әсер ететін этникалық тұрғыдан алғандағы қазақтардың өз ішіндегі тіл мамандарының

арасында орын алатын сауатсыздық мәселесі баспасөз ақпараттық құралдарында жиі кездесіп тұрады. Бұл шындығында үлкен проблемалық мәселе. Сондықтан басқа ұлт өкілдеріне үлгі боларлықтай бұл мемлекет тарпынан өзекті мәселе ретінде күн тәртібінен түспеуі қажет. Осыған орай, мемлекет қалыптастырушы ұлттың тіл саясатына тікелей ықпал ете алатын арнайы ұстаз (педагог) мамандар даярлайтын колледждерде және жоғары оқу орындарындағы оқу бағдарламаларына баса көңіл аударылу керек.

Қазақстандағы тұратын этностардың ана тілдерін білу дәрежесі үлкен қызығушылық тудырады. Бірқатар этникалық топтар (поляктар, белорустар, украиндар, немістер, корейлер) ана тілдерін мүлдем білмеді немесе төменгі деңгейде білді. Осындай этникалық топтардың ішінде орыстың біртүлділігі (русский монолингвизм) кең тарады. 1990 жылдардағы Қазақстаннан осындай этнос өкілдерінің қоныс аударуы елдегі орыс тілінде сөйлейтіндердің санын одан әрі қысқартты.

Өзбектер, ұйғырлар, түріктер, күрдтер, шешендер, тәжіктер өздерінің этникалық тілдерін барынша сақтап қалды. Зерттеуші О.Б. Алтынбекова бұл этникалық топтарды ұлттық-қазақ-орыс тілді ортаға жатқызады. Қазақ тілін нашар меңгергендіктен, ұлттық орыс көптілділігі аясында өмір сүретін армяндар мен ингуштар ерекшеленді [9].

Тіл саласындағы бұл жағдай қазақ зиялыларының бір бөлігінің сынына ұшырады. Олар мемлекеттік тіл орыс тіліне қарағанда қолайсыз жағдайда деп есептейді. Бұл ретте Қазақстанның өзінде де, Ресейде де орналасқан кейбір қоғамдық ұйымдар орыстілділер кеңістігінің тарылып қауіптілік мүмкіндігін көрді. Сондықтан да Қазақстан басшылығы тіл саласындағы саясатты жүзеге асыру кезінде орыс тілін халықаралық коммуникациялар, іскерлік, білім беру және кәсіби өсу құралы ретінде сақтауға, сондай-ақ тілдер кеңістігін кезең-кезеңмен кеңейтуге бағытталған барынша теңгерімді тәсілдерді ұстануға ұмтыла отырып, қазақ тілінің қолдану аясын кеңейте және ұстанымын нығайтуға еңбектенді.

### **Қорытынды**

Қазақстан Республикасында тіл мәселесінің мемлекеттік саясаттағы аса нәзіктігін ескере отыртып оны тек эволюциялық жолмен ғана шешу керек деп есептейміз. Бүгінгі күнге дейін көп жағдайда ел билігі Қазақстанда тұратын этностар арасындағы мүдделер тепе-теңдігін сақтай білуінің арқасында оң нәтижеге қол жеткізді деуге негіз бар. Атап айтқанда, мәселен, мемлекеттік тілдің тұғырын ілгерілету бойынша іс-шаралар аясында оны білмейтін азаматтарды кемсітуге жол бермеу жұмыстары белсенді жүргізілді.

Осыған орай, болашақта ең алдымен, барлық деңгейдегі оқу орындарында қазақ тілін оқыту сапасын көтеру маңызды. Ол үшін қазақ тілі пәнінен ұстаздар даярлайтын арнайы колледждер мен жоғары оқу орындарында мамандарды сауатты дайындауды қамтамасыз ету

қажет. Педагогикалық арнайы оқу орындарында және сол жоғары оқу орындарының педагогикалық факультеттерінде «Полимәдениеттік білім» курсы оқытуды міндетті (негізгі) пән ретінде енгізу қажет деп есептейміз.

Олар ғылыми негізде құруға ұмтылған «Жаңа Қазақстанның» жаңа саясатының басты мақсаты – ұлтына қарамастан әр адам өзінің ана (туған) тілін өмірдің барлық саласында қолдана алуы және әлемдік мәдениеттің биіктерін бағындыруына жол ашады. Демек, ұлттық бірлік пен ұлтаралық келісімді қамтамасыз етудің нақты белгіленген мақсаттары мен міндеттерінің болуы, сондай-ақ күшті саяси ерік-жігер мен жеткілікті тиімді тетіктердің көрінісі ұлттық мемлекеттік саясаттың барынша табысты болуына ықпал етті деуге негіз бар.

## ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Ленин В.И. Сочинения. Изд. 5-е. Т. 25. М., 1965.: 424
2. Алексеенко Н.В., Алексеенко А.Н. Население Казахстана за 100 лет (1897- 1997 гг.). - Усть-Каменогорск: Полиграфия, 1999. - 157 с.; Асылбеков М.Х., Козина В.В. Демографическое развитие Республики Казахстан в условиях суверенитета. - Алматы: Өркениет, 2001. - 111 с.; Жусупов С.Е. Политическая аналитика. Исследования. - Алматы: Агпа-б, 2008. - 714 с.; Забирова А.Т. Миграция, урбанизация и идентификация у казахов. - Алматы: Ғылым, 2002. - 135 с.; Мустафаев Н.И. Миграционные процессы в Казахстане // Казахстан-спектр. - 2006. - № 1. - С. 43-50; Садовская Е.Ю. Миграция в Казахстане на рубеже XXI века: основные тенденции и перспективы. - Алматы: Ғылым, 2001. - 260 с.; Татимов М.Б. Грозит ли Казахстану демографический кризис? // Евразия. - 2002. - № 2. - С. 22-30.
3. Алтынбекова О.Б. Этноязыковые процессы в Казахстане. - Алматы: Экономика, 2006. - 416 с.; Аренов М.М., Калмыков С.К. Современная языковая ситуация в Казахстане // Саясат. - 1997. - № 1. - С. 21-30; Исимбаева Г.И. Языковое самосознание и мотивация изучения языков. - Алматы: Қазақ университеті, 2005. - 122 с.; Сулейменова Э.Д., Смагулова Ж.С. Языковая ситуация и языковое планирование в Казахстане. - Алматы: Қазақ Университеті, 2005. - 344 с.
4. Todaro M. Internal Migration in Developing Countries. A Review of Theory, Evidence, Methodologi and Recherch Priorities. Geneva. International Labor. 1976. Office; Stark O., Taylor E. Migration Incentives, Migration Types: The Role of Relative Deprivation. //The Economic Journal. 1991. 101:163-78.; Palloni A. Social capital and International migration: test using information on family networks. //The American Journal of Sociology. - Chicago, 2001. - March. - 106 - p. 162-198.; Massey D. A Synthetic Theory of International Migration and Economic Development in Comparative Perspective. Population and Development Review. 1988. 14:383-414.; Bohning W. Employing foreign workers. - Geneva, ILO, 1996.
5. Конституция (Основной Закон) Казахской Советской Республики от 20 апреля 1978 года [Электронный ресурс]. URL: [http://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=1027292](http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=1027292) (дата обращения 15.02.2023).
6. Закон Казахской Советской Социалистической Республики от 22 сентября 1989 года «О языках в Казахской ССР» [Электронный ресурс]. URL: [http://online.zakon.kz/document/?doc\\_id=1005765](http://online.zakon.kz/document/?doc_id=1005765) (дата обращения 15.02.2023).
7. Конституция (Основной Закон) Республики Казахстан. - Алматы, 2002. - С. 4.
8. Национальный состав населения Республики Казахстан. Т.1: Итоги переписи населения 1999 г. в Республике Казахстан. Статистический сборник // Под ред. А. Смаилова. - Алматы, 2000.
9. Алтынбекова О.Б. Этноязыковые процессы в Казахстане. - Алматы: Экономика, 2006. с. 119.



## REFERENCES:

1. Lenin V.I. Sochineniya [Works]. Ed. 5th. T. 25. M., 1965.: 424
2. Alekseenko N.V., Alekseenko A.N. Naselenie Kazahstana za 100 let [Population of Kazakhstan for 100 years (1897-1997)]. - Ust-Kamenogorsk: Polygraphy, 1999. - 157 p.; Asylbekov M.Kh., Kozina V.V. Demograficheskoe razvitiye Respubliki Kazahstan v usloviakh suvereniteta. [Demographic development of the Republic of Kazakhstan in the conditions of sovereignty]. - Almaty: Orkeniet, 2001. - 111 p.; Zhusupov S.E. Politicheskaya analitika. Issledovaniya. [Political analytics. Research]. - Almaty: Arna-b, 2008. - 714 p.; Zabirowa A.T. Migrasiya v Kazahstane na rubeje XXI veka: osnovnyye tendensii i perspektivy [Migration, urbanization and identification among the Kazakhs]. - Almaty: Gylym, 2002. - 135 p. Mustafayev N.I. Migratsionnyye prosesy v Kazahstane [Migration processes in Kazakhstan] // Kazakhstan-spectrum. - 2006. - No. 1. - P. 43-50; Sadovskaya E.Yu. Migrasiya v Kazahstane na rubeje XXI veka: osnovnyye tendensii i perspektivy [Migration in Kazakhstan at the turn of the 21st century: main trends and prospects]. - Almaty: Gylym, 2001. - 260 p.; Tatimov M.B. Grozit li Kazahstanu demograficheskiy krizis? [Is Kazakhstan facing a demographic crisis?] // Eurasia. - 2002. - No. 2. - S. 22-30.
3. Altynbekova O.B. Etnoiazykovyye prosesy v Kazahstane. [Ethno-linguistic processes in Kazakhstan]. - Almaty: Economics, 2006. - 416 p.; Arenov M.M., Kalmykov S.K. Sovremennaya iazykovaia situatsiya v Kazahstane [Modern language situation in Kazakhstan] // Sayasat. - 1997. - No. 1. - S. 21-30; Isimbayeva G.I. Iazykovoye samosoznanie i motivatsiya izucheniya iazykov [Linguistic self-awareness and motivation for learning languages]. - Almaty: Kazakh University, 2005. - 122 p.; Suleimenova E.D., Smagulova Zh.S. Iazykovaia situatsiya i iazykovoye planirovaniye v Kazahstane [Language situation and language planning in Kazakhstan]. - Almaty: Kazakh University, 2005. - 344 p.
4. Todaro M. Internal Migration in Developing Countries. A Review of Theory, Evidence, Methodology and Research Priorities. Geneva. International Labor. 1976. Office; Stark O., Taylor E. Migration Incentives, Migration Types: The Role of Relative Deprivation. //The Economic Journal. 1991. 101:163-78.; Palloni A. Social capital and International migration: test using information on family networks. //The American Journal of Sociology. - Chicago, 2001. - March. - 106 - p. 162-198.; Massey D. A Synthetic Theory of International Migration and Economic Development in Comparative Perspective. Population and Development Review. 1988. 14:383-414.; Bohning W. Employing foreign workers. - Geneva, ILO, 1996.
5. Konstitutsiya (Osnovnoy Zakon) Kazahskoy Sovetskoy Respubliki ot 20 aprelya 1978 goda [The Constitution (Basic Law) of the Kazakh Soviet Republic of April 20, 1978] // URL: [http://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=1027292](http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=1027292) (accessed 15.02.2023).
6. Zakon Kazahskoy Sovetskoy Sotsialisticheskoy Respubliki ot 22 sentyabrya 1989 goda «O iazykakh v Kazahskoy SSR» [Law of the Kazakh Soviet Socialist Republic of September 22, 1989 "On languages in the Kazakh SSR"] // URL: [http://online.zakon.kz/document/?doc\\_id=1005765](http://online.zakon.kz/document/?doc_id=1005765) (Accessed on February 15, 2023).
7. Konstitutsiya (Osnovnoy Zakon) Respubliki Kazahstan [Constitution (Basic Law) of the Republic of Kazakhstan]. - Almaty, 2002. - P. 4.
8. Natsionalnyy sostav naseleniya Respubliki Kazahstan. T.1: Itogi perepisi naseleniya 1999 g. v Respublike Kazahstan. Statisticheskiy sbornik [National composition of the population of the Republic of Kazakhstan. T.1: Results of the 1999 population census in the Republic of Kazakhstan. Statistical collection] // Ed. A. Smailova. - Almaty, 2000. - p.26.
9. Altynbekova O.B. Etnoiazykovyye prosesy v Kazahstane. [Ethno-linguistic processes in Kazakhstan]. - Almaty: Economics, 2006. p. 119.